



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

СЕКЦИЯ 6 АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ

Подсекция 6.1 Казахская филология (язык и литература)

ӘОЖ 811.512.122`276

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ИДИОЭТНИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕР

Абай Гүлжанат Абайқызы

abay.gulzhanat@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті

«Филология: қазақ тілі» мамандығының ІІІ курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.О.Сыздықова

Кез келген зат пен құбылысты танып білу, оның сыртқы бейнесі мен адамға тигізетін әсерін ажырату, оларды түйсіну күнделікті өмірде пайдаланудың нәтижесінде іске асады. Оларға ерекше қасиеттеріне, пішіні мен өзіндік ерекшелігіне қарай белгілі бір атау беріледі.

Қазақтың сан ғасырлық тарихындағы адам санасы мен еңбегімен пайда болған алуан түрлі заттар мен бұйымдар, құбылыстар мен ғұрыптар қазақ халқының этнографиялық мұрасы екені сөзсіз. Сөздік қордан орын алған, бірнеше ғасырлардан бергі тарихты, салт-дәстүрлерді, наным-сенімдерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізген құндылықтарды идиоэтникалық бірліктер деп танимыз. Ғалым Ә.Қайдар: «Бұлардың бәрі – этнос өмірінде туындап, соның өзіне ғана тән рухани, мәдени танымды бояу-нақышпен тағы бір қырынан суреттеп, «тіл әлемінде» бейне бір зерде тас бөлшектеріндей жарқырап тұратын этнолингвизмдер» деп оның маңыздылығын анықтаған [1, 26].

Идиоэтникалық бірліктердің мұндай сипаты эпостық жырларға да тән. Мақалада зерттеу нысанына алынған «Қобыланды батыр» жырының 16 нұсқасындағы аталған бірліктерге сандық тұрғыдан талдау жасалды. Соның негізінде:

- Ә.Диваев нұсқасы: 63 (*бәйбіше, кебене, қамшы, жорға, кебіс, арқан, әбдесте, малта, туырлық, сандық, шекпен, қамқа, ат қоржын, құрт, бөрік* т.б.);
- Көшелек нұсқасы: 22 (*шалма, аса таяқ, үйінші, сарқыт, үзеңгі, неке, жібек, бикешжан, қымыз, ер тоқым, күмбез*, т.б.);
- Құлзақ нұсқасы: 113 (*ат жарыс, палуан күрес, наркескен, өз жұрт, нағашы жұрт, қайын жұрт, көрімдік, құн, құрт, қылбұрау, терлік, құлжа* т.б.);
- Сүйіншәлі нұсқасы: 99 (*мақпал, қынап, бақан, ер тоқым, кіндік бала, шашу, бесік, асық, жерошақ, тоқым, бес қару, өкіл күйеу, сарқыт*, т.б.);
- Қобыландының баласы Жетімтай мен Жетімек туралы жыр: 40 (*қосын, шабадан, сауыт, тоқым, мақпал, садақ, оқ, қынап, жабу, бөрік, қылыш, ақ орда, қорамсақ, үзеңгі, сауыт* т.б.);
- Б. Толымбаев нұсқасы: 109 (*саржа, жасау, таңге алмақ ойнау, шашпау, кебене, құрт, абада, оң бата, сандық, бесік, тақия, сүйінші, қалыңдық ойнау* т.б.);
- Н. Байғанин нұсқасы: 99 (*шекпен, шүмек, қынап, үзеңгі, өмілдірік, шылбыр, шоқпар, сарыжа, кереге, аударыс, тарту, өмілдірік, сағалдырық, жабу* т.б.);
- Е.Ешімов нұсқасы: 92 (*сыйтабақ, бас табақ, тойбастар, еніші, жөргек құда, асық, тарту, той табақ, шаңырақ, үкі, барқыт, науан* т.б.);
- Айса Байтабынұлы нұсқасы: 133 (*түлкі ішік, сәлде, шүмек, саржа, дулыға, басқұр, бау, кереге, оймақ, көрімдік, теңге алу, сыбаға, туырлық, күйеу ойнау* т.б.);
- Қобыланды батырдың баласының жыры (Айса Байтабынұлы нұсқасы) : 65 (*қыз беру, қалың беру, келін түсіру, құда, қыз айттыру, жүген, тон, сауға, сүйінші, ақ бата* т.б.);
- Ережеп Тілеумағамбетұлы нұсқасы: 74 (*бата, тұмар, жабу, найза, сарыжа, туырлық, тоқым, қынап, мылтық, ауыздық, пәнже* т.б.);
- Нұрсейіт Битілеуов нұсқасы: 106 (*Туырлық, тоқым, кереге, бесік, саумал, бата, кіндік*

шеше, кіндік аға, саба, қанжыға, өмілдірік, палуан күрес, ат бәйгі, аударыспақ, шоқпар, торсық т.б)

- Садуақас Ділманов нұсқасы: 84 (*ениші, арқан, жүген, семсер, жүк, сандық, аршын, қоржын, саржа, қанжар, қамшы, ауыздық, ақ бата, томаға, дандар, кәде* т.б)
- Қобыланды батыр: 158 (*түндік, түтік, шарболат, кебіс, барқыт, садақ, құрт, томаға, бақан, сүйінші, бөрік, тақия, шапан, шаибау, қазан, домбыра, қымыз, қонақасы, тарту, күйме* т.б)
- Қобыланды батырдың баласы Киікбай: 33 (*семсер, найза, қылыш, олжа, сүйінші, бата, қымыз, боза, құрмандық, жібек, арқан, сауыт, алмас, өмілдірік* т.б)
- Қобыландының Темірланды жеңуі: 27 (*шекпен, кебін, бес қару, жая, қалқан, бата, ат қоржын, қынап, олжа* т.б) идиоэтникалық бірлік табылды.

Ғалымдар өз зерттеулерінде аталған бірліктерді түрліше жіктейді. Әр бөлініске берілген атаулар да өзгеше. Сондықтан эпос тіліндегі идиэтникалық бірліктерді зерттеудің өзектілігі оларды жүйелі топтастырудың қажеттілігімен айқындалады. Бұл зерттеу нысанына алынған «Қобыланды батыр» жырының нұсқаларына да тән.

Академик Ә.Қайдар идиоэтникалық бірліктерді нақты жіктеп, саралап көрсетпейді. Бірақ өзінің этнографиялық сөздігінде мынадай топтастыру ұсынған [2]:

«Әлеуметтік жағдайы» тарауын: 1) «Көшпелі ел салты; 2) Отырыңқы ел салты; 3) Әлеуметтік топтар; 4) Ұлы адамдар, тарихи тұлғалар;

«Материалдық-экономикалық жағдайы» тарауын: 1) Киім-кешек; 2) Үй-жай; 3) Мал шаруашылығы; 4) Егін шаруашылығы; 5) Қала құрылысы; 6) Жол;

«Рухани мәдениетке қатысты салт-дәстүрлер» тарауын: 1) Салт-дәстүрге қатысты атаулар мен жалпы ұғым-түсініктер; 2) Құда-андалық салт-дәстүрлері; 3) Наным-сенімдер мен ырым-сырымдар; 4) Тыйым салу дәстүрі; 5) Алғыс-қарғыс; 6) Тұрмыс-тіршіліктегі әдет-ғұрыптар, ырым-кәделер; 7) Өлім-жітім рәсімдері және жоқтау айту дәстүрлері;

«Ұлттық өнер» тарауын: 1) Қолөнер; 2) Ән-күй өнері; 3) Би өнері; 4) Аңшылық; 5) Саятшылық;

«Ұлттық-ойындар мен мейрам-тойлар» тарауын: 1) Ұлттық ойындар; 2) Мейрам-тойлар; 3) Қонақ күту дәстүрі;

«Өлшемдер» тарауын: 1) Халықтық өлшемдер; 2) Уақыт-мезгіл өлшемдері; 3) Сандық өлшем; 4) Жас өлшемі;

«Дін» тарауын: 1) Дінге байланысты қалыптасқан атаулар; 2) Діни танымдар мен тағылымдар; 3) Діни наным-сенімдер мен салт-дәстүрлер деген тақырыпшаларға жіктеп, барлығы 7 топқа бөліп қарастырған.

Этнолингвизмдерді зерттеуге ерекше атсалысқан, мәдени лексиканы, этномәдени атауларды зерттеуші ғалым Ж.Манкеева фольклорлық шығармаларда кездесетін бірліктерді *Күнделікті тұрмыста қоданылатын үй жабдықтарының атаулары; Күнделікті тұрмыста қолданылатын құралдардың, заттардың, жасаулардың атаулары; Үй мүліктері атаулары; Ер-тұрманның, ат әбзелдерінің, т.б. атаулары; Малдардың атаулары; Құстардың ұлттық атауы; Металл, материал атаулары; Қару-жарақ атаулары; Ер жігіттің сәнін келтіретін жарақтардың атауы; Тамақ атаулары; Этнографиялық мәнді атаулар; Қазақ даласында өсетін өсімдік атаулары; Киім атаулары* деп жіктейді.

Зерттеуші Ә.Қайдар мен Ж.Манкееваның топтастырылуында ортақ элементтер бар. Екі ғалымға да ортақ тақырыпшалар: «*Киім-кешек атауы*», «*Үй-жайға қажетті жабдықтар атауы*», «*Мал шаруашылығы*» мен «*Аңшылыққа*» қатысты ұғымдар.

Ә.Қайдардың бөлінісінде ғана кездесетін тақырыпшалар қатарына: «Ұлттық өнер», «Ұлттық ойындар мен мейрам тойлар», «Дін» бөлімдері жатады. Ж.Манкеева ұлттық өнерге, қолөнер, ән-күй, биге жеке тоқталып өтпесе де, «Музыкалық аспаптар атаулары» деген тақырыпшаны бөлек қарастырады. Ж.Манкееваның бөлінісінде ғана кездесетін тақырыпшалар: «Қазақ тіліндегі ұлттық тағам атаулары», «Аңшылардың құстарға беретін тамақтарының атаулары», «Ер жігіттің сәнін келтіретін жарақтардың атауы», «Құстардың ұлттық атауы», «Музыкалық аспаптар атаулары», «Ер-тұрманның, ат әбзелдерінің

атаулары».

Осы топтастыруларды негізге ала отырып, «Қобыланды батыр» жырының 16 нұсқасындағы идиоэтникалық бірліктердің мынадай 13 тақырыптық тобы жүйеленді.

Тақырыптық топтар	«Қобыланды батыр» жыры
<i>Киімге, аяқ киімге қатысты атаулар</i>	Бөрік, ыштан, түлкі ішік, сәукеле, көйлек, шекпен, шапан, тақия, тон, белдемше, кебіс т.б.
<i>Салт-дәстүрге, сенімге байланысты атаулар</i>	Көрімдік, сауға, сүйінші, қыз беру, қалың беру, келін түсіру, құда, қыз айттыру, ақ бата т.б.
<i>Қыздардың зергерлік бұйымдарына байланысты атаулар</i>	Шашбау, үкі, моншақ т.б.
<i>Киіз үйге, киіз үй жабдықтарына байланысты атаулар</i>	Шаңырақ, кереге, уық, басқұр, киіз, бау, сандық, туырлық т.б.
<i>Ұлттық ойындарға байланысты атаулар</i>	Бәйгі, палуан күрес, аударыспак, теңге алу, бақан т.б.
<i>Кәсіпке, күнделікті тұрмыстағы атқарылатын жұмыстарға байланысты атаулар</i>	Ою, жүн түту т.б.
<i>Ыдыс атаулары</i>	Кесе, табак, саба, астау, торсық т.б.
<i>Тағамға қатысты атаулар</i>	Жал, жая, қымыз, құрт, сүт, ет, айран, малта, мейіз, алуа, шекер, бал, саумал т.б.
<i>Ат әбзелдеріне қатысты атаулар</i>	мұрындық, тебінгі, қамшы, ауыздық, тоқым, үзеңгі, өмілдірік, сағалдырық т.б.
<i>Қару-жарақ, құрал-сайман атаулары</i>	Найза, қылыш, садақ, сауыт, жебе, оқ, қанжар, қалқан, дулыға, шоқпар т.б.
<i>Мата, материал атауларына қатысты ұғымдар</i>	Жібек, мақпал, барқыт, масаты т.б.
<i>Туыстық қатынасты білдіретін бірліктер</i>	Жеңеше, атеке, енеке, қайыны, кіндік шеше, кіндік аға, келін, күйеу т.б.
<i>Діни наным-сенімге байланысты туған ұғымдар</i>	Тәңір, әруақ, Құдай, Хак, Алла, мазар, Баба түкті Шашты Әзиз, Бибі Бәтима, Ғаус, Ғияс екі жар, Омар, Оспан шаһариар, Қызыр пайғамбар, Илияс пайғамбар т.б.

Бұлардың ішінде ең жиі кездесетіні – қару-жарақ, құрал-сайман атаулары. Мысалы, *садақ, найза, қылыш, оқ, жебе, сауыт, семсер, болат, бес қару* сөздері жырдың 16 нұсқасында да бірнеше жиілікпен көрініс тапқан. Керісінше, қыздардың зергерлік бұйымдарына байланысты атаулар тобына жататын *шашбау, үкі* сөздері Б. Толымбаев нұсқасы мен Е.Ешімов нұсқасында бір-бірден ғана келу арқылы ең аз қолданылған идиоэтникалық бірліктер қатарынан орын алды. Ал қалған топтағы идиоэтникалық бірліктер жырда бірдей деңгейде қолданыс тапқан.

Қорыта келе, ерте заманнан бері халық тұрмысындағы маңызға ие «Қобыланды батыр» жырында кездесетін идиоэтникалық бірліктер қазақ тіл білімінде де өзекті деуге болады. Себебі біз ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, аталған бірліктердің зерттеу нысанына алынған жырдағы қолданысы ғылымда әлі де болса жүйеленбегендігіне оларды топтарға жіктеу арқылы көз жеткіздік. Сонымен қатар эпостық жырлардағы идиоэтникалық бірліктердің кездесуін анықтау қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын ұмытпай, болашақ ұрпақтың күнделікті өмірінде орынды қолдана білуіне ықпал ететіні айқын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
2. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. – Алматы: Қоғам, 2013. – 728 б.

3. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай», 2014. – 640 б.
4. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т. 35-38: Батырлар жыры. – 2006.

ӘӨЖ 81'373.46

АВТОМЕТАФОРАЛАРДЫҢ БҮГІНГІ ӘДЕБИ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ («Қырымның қырық батыры» жыры негізінде)

Абдиров Өркен

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан,
orken1996@mail.ru

Ғылыми жетекшісі – Кенжалин Қ.К.

Қазіргі уақытта әдеби тіліміздегі сөздер тек өзінің түпкі, яғни тура мағынасында бола бермейтіні анық. Олай болса, олардың ауыспалы мағынада жүруі де белгілі бір уәжділікке сүйенеді, не соған ұқсатады, не соның белгілі бір бөлігінен бүтін бейне жасайды, не заттың қызметіне қарай сөзді келесі бір ұғыммен ұштастырады. Сөз мағыналарының берілуіне қарай Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаев сөздің атауыш (номанитив) мағынасына меңзеу, ауыс, нақты және дерексіз, ал сөздің шығу тегіне байланысты мағыналарын түпкі және туынды мағына, сөздердің тіркесу сипатына байланысты туған мағынаны еркін, фразеологиялық байлаулы және синтаксистік шартты мағына [Қалиев, Болғанбаев 2006: 73-80] деп жіктеп, сөздің ауыспалы мағынасы ретінде бір заттың негізгі атауыш (тура) мағынасын басқа бір затқа атау етіп ауыстырып қолдану деп көрсетеді. Ал Қ.Сәрекенова: «Сөздер ауыспалы мағынада қолданғанда оны қалай болса солай жасалынбайды. Қазақ тілінің өз заңдылығына сүйеніп отырып дамиды», - дей келе, «Сөзді ауыспалы мағынада қолданудың бірнеше тәсілі бар», - деп, оларға метафора, метонимия, синекдоха, сөздердің қызмет бірлігі бойынша ауысуын жатқызады. Бұл бөлініске біз де келісеміз. Әдеби тілдегі автометафоралардың қолданысын айтпас бұрын, оған берілген анықтамаларға тоқталып өтсек. «Әдеби тіл дегеніміз – жалпыхалықтық тілдің хатқа түскен, белгілі бір дәрежеде өңделген ерекше түрі» [Будагов 1961: 24]. Ал М.Балақаевша: «Әдеби тіл – жазба тіл. Жазба әдебиет арқылы тіл байлықтары, оның құрылысы сымбатты қалыпқа түсіп, екшеледі. Жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды» [Балақаев 1965:10]. Қазақтың төл әдеби тілін дәуірлеу мәселелесіне келгенде, Қазақ Совет Энциклопедиясында берілген «Қазақ әдебиетінің ертедегі нұсқалары» деген мақалада түркі тілдес халықтар мен қазақ ру-тайпаларының әдеби туындыларын мынадай тарихи дәуірлерге бөліп қарайды:

- 1.IV-VIII ғ. – түркі дәуіріндегі әдебиет;
- 2.IX-XII ғ. – мұсылман дәуіріндегі әдебиет;
- 3.XIII-XIV ғ. – Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет;
- 4.XV-XVIII ғ. – Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет [Қазақ Совет Энциклопедиясы 1975: 233].

Қарастырылып отырған жырдағы тарихи оқиғалар Алтын Орда дәуіріне тұспа-тұс келгендіктен ондағы әдеби тілдің де мерзімі сол шамада екені анық. Ал жырдың 1942 жылы Алматы қаласында атақты Мұрын жырау Сеңгірбекұлынан (Тілеген Сеңгірбекұлы) жазылып алынғаны рас болса, ондағы тілдік бірліктердің өзгеріске түскенін ескергеніміз жөн. Алайда жырдың лексикалық құнары соншалықты өзгерді дей алмаймыз. Сондықтан қазіргі әдеби тілімізбен салыстыруымыз орынды.

Белгілі бір тілдегі сөздер өзі беретін ұғыммен бірге қосымша мағыналарға ие болып, сөз мағыналары өзгеріп, ауысып отырады. Сөз мағыналарының ауысуының ішкі (лингвистикалық) және сыртқы (экстралингвистикалық) себептері болады. Сөздердің нақтылықтан дерексіздікке, яғни абстрактілі затқа айналуы, жалпылықтан жалқылыққа ауысуы және ұғымның жіктеліп саралануы – сөз мағынасының өзгеруіне әкелетін